

Қостанай облысы
Аманкелді ауданы
Б.Қолдасбаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп

Жер ғаламшарының ЭКОЛОГИЯЛЫҚ апаттары.

(Экология және біз)

Биология пәні мұғалімі Жақыбаева Гүлім Ғалымжанқызы.



Сабак түрі: конференция.

Сабак әдісі: баяндау, сұрақ-жауап, пікір-талас, т.б.

Сабактың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі (1-2 мин)

II. Конференция жоспары:

1. Мұғалімнің кіріспе баяндамасы.

2. .Топқа бөлінген оқушылар өз топтарына берілген тапсырманы орындап, ортаға шығып баяндау.

3. Ой – бөлісу: 1. « Егер сіз табиғат қорғау министрі болсаңыз, онда...»

2. « Егер сіз аудан әкімі болсаңыз, онда...»

3. « Егер сіз ақын болсаңыз, онда...»

4. « Егер сіз суретші болсаңыз , онда... »

4. Қорытынды. (мұғалімнің тірек – сөзбалары арқылы қорытындылау, «Экология» сөзжұмбағын шешу).

5. Конференцияға жақсы қатысқан оқушыларды марапаттау.

1. Мұғалімнің баяндамасы: - Құрметті оқушылар! Қазіргі таңда Жер бетіндегі бүкіл адам баласын ерекше толғандырып отырған ең басты мәселе – ғаламдық деңгейдегі экологиялық мәселелер болып отыр. Сондықтан да, әрбір мемлекет бұл мәселелерді негізгі мемлекеттік міндеттердің бірі деп қарастырады. Осыған орай, елімізде қордаланған экологиялық жағдайларды жақсарту шараларына айрықша мән беріліп, 2007 жылдың барысында Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі туралы Заң қабылданды. Кодекс ұғымы бір жүйеге келтірілген заңдар мен ережелер жүйесінің біртұтас заңдастырылған жүйесі деген мағынаны білдіреді.

Қазіргі кезде елімізде қабылданған бұл экологиялық кодекстің 7 бөлімі «Қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық білім беру мен ағарту ғылыми зерттеулер және халықаралық ынтымақтастық» деп аталып, оның 25 – тарауы түгелімен «Экологиялық білім беру мен ағарту мамандарының біліктілігін арттыру» мәселесіне арналған. Бұл аталған нақты міндеттерді жүзеге асыру ісі мектеп мұғалімдеріне жүктелетіні белгілі.

Міне, осы аталған мәселелерді жүзеге асыру мақсатында бүгін біз – экологияға арнап конференция өткізгелі отырмыз.



Атап айтар болсам , қазіргі кездегі өнеркәсіптің өркендеуі, халық санының артуы, тұрғындардың ірі қалалардың маңына шоғырлануы – экологиялық жағдайлардың күннен-күнге шиеленісе түсуіне әсер етуде. Әсіресе, ауа райының ғаламдық деңгейде жылынуы, озон қабатының жұқаруы, әлемдік мұхиттардың ластануы, тропикалық ормандардың қарқынды түрде қырқылуы, тірі организмдердің түр санының азаюы және тағы басқа жағдайлар бүкіл адамзатты алаңдатып отырғаны да ақиқат . Жер шарының көп аймақтарында ауыз судың тапшылығы шектен тыс құрғақшылық , өте күшті су тасқындары , сұрапыл дауылдар, орасан көлемдегі өрттердің бәрі де ғаламшардың ғаламдық деңгейде жылынуының әсерінен болуда деген пікір қалыптасып отыр. Ғалымдардың деректері бойынша 1990 жылдан бері 100 жыл ішінде Жер бетінің орташа жылдық температурасы $0,5^{\circ}\text{C}$ - қа көтерілген болса, ал соңғы әрбір 10 жылда бұл көрсеткіш $0,3^{\circ}\text{C}$ көтерілгені анықталды. Жер бетінде ғаламдық жылынуы дәл қазіргідей жалғаса беретін болса, осы ғасырдың ішінде ғаламшардағы орташа температуралық жағдай $+1$ $+5^{\circ}\text{C}$ көтерілуі мүмкін деген деректер бар.






Жер бетінің ғаламдық деңгейде жылынуына негізінен, өнеркәсіп орындарынан, жанармайды пайдаланатын көліктерден бөлінетін су буларының, көмірқышқыл газының, азот оксидінің, күкірт ангидридтерінің, метанның және тағы басқа улы қоспалардың әсері мол. Мұндай улы қоспалар жер бетінің атмосфера қабатында жылу энергиясының жинақталып, жер бетінің жаппай жылынуына әсер ететіні де белгілі. Жер бетінің ғаламдық жылынуы Антарктидадағы, Арктикадағы мұздың және биік таулы аймақтардағы мұздықтардың жаппай еруіне әсер етеді деген пікірлер де бар. Қазіргі ғылыми деректер бойынша соңғы әрбір 10 жылда әлемдік мұхит деңгейі орта есеппен 6 см-ге көтерілетіні анықталған.



Жер бетіндегі ғаламдық өзгерістердің бәріне де адамның шаруашылық іс - әрекетінің әсері айқын байқалуда. Соның ішінде табиғатқа зиян келтіретін келеңсіз әрекеттер баршылық. . Олар ауаның , судың ластануы , өсімдіктер санының азаюы, топырақ құрамының өзгеруі, т.б. Осы өзгерістердің бәрі адам өміріне , денсаулығына әсер етеді. Табиғат пен өзара қарым-қатынастың бұзылуы экологиялық апаттарға әкеліп соқтырады.

Үздіксіз экологиялық тәрбие беруде мемлекеттік деңгейде мән беріліп, ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында республика халқына жолдауында ерекше экологиялық саясат ұстанымдарын көрсетіп, жастарға мемлекетімізді көркейту жолында «Жасыл ел» бағдарламасына бел шешіп кірісудің қажеттілігін ерекше атап көрсетті.



Елбасымыз «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасында табиғат байлықтары, оның ішінде тіршілік көзі – су мәселесіне де арнайы тоқталған болатын. Онда: «Соңғы 60 жылда жер шарында ауыз суды пайдалану 8 есе өсті. Осы жүзжылдықтың ортасына қарай көптеген елдер суды сырттан алдыруға мәжбүр болады. Су - барынша шектеулі ресурс және оның көздерін иелену үшін күрес жер бетіндегі шиеленіс пен жанжалдар себептерінің бірі ретінде, қазірдің өзінде геосаясаттың аса маңызды факторына айналып отыр. Сумен қамтамасыз ету проблемасы біздің елімізде де өткір болып отыр. Бізге сапалы ауыз су жетіспейді. Бірқатар өңірлер оның зардабын қатты тартуда. Бұл проблеманың геосаяси астары да жоқ емес. Қазірдің өзінде біз трансшекаралық өзендердің су ресурстарын пайдалануда бірқатар мәселелермен бетпе-бет келдік. Аталған мәселенің күрделілігіне қарамастан, біз оны саясаттандыруға жол бермеуге тиіспіз», - деп атап айтқан болатын. Әсіресе, су мәселесіне қорғау, оны болашақтың үлкен байлығы ретінде жеткізу аса маңызды.

Қорыта келгенде, экологиялық білім мен тәрбие беру мәселелері - оқушылардың табиғи ортадағы адам әрекетінен болып жатқан өзгерістерді көре білуі, сол табиғи ортаны қалпына келтіруге атсалысуы, оның сапалы болуын қамтамасыз етуін, оқушылардың табиғи ортаға жауапкершілік сезімдерін қалыптастырды.

«Экологиялық тәрбие» қоршаған ортаға саналы түрде қарайтын, оның байлықтарын парасаттылықпен игеретін, табиғатты қорғауға белсене қатысатын жастарды тәрбиелеу.

«Табиғатты қорғайық, аялайық

Барды - жоқты пайымдай баяндайық.

Болашақта қызығын көру үшін

Қатысса деп ойлаймыз барша халық ! »



II. Әр топқа берілетін тапсырмалар.

I топ “Аралым арым, Балқашым бағым”

II топ Дүние жүзіндегі және қазақстандағы қазіргі экологиялық мәселелер. Өндіріс және тұтыну қалдықтары.

III топ Табиғаттағы адамның іс әрекеттері.

«Тіршілікті дұрыс иемденбеу неге әкеледі?»



I топқа сұрақ.

**а) Экология
ҒЫЛЫМЫ
нені зерттейді?**


**ә) Экология
ҒЫЛЫМЫНЫҢ
НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ
НЕДЕ?**



2-топқа сұрақ

а) «Озон тесігі»,
«Қышқыл жаңбырлар»
ұғымдарына түсінік
берсеңіз?

ә) Қазақстандағы өзен-
көлдердің
экологиялық жағдайы
қандай?



3- топқа сұрақ

**а) Өзіміздің
Ауданымыздың
экологиясы туралы не
білесің?**

**ә) Ауданымыздың
экологиясын қалай
жақсартуға болады?**



а) Өндірістік қалдықтарды жоюдың қандай жолдары бар?

ә) Нағыз тұрмыстық қалдықтарға нелер жатады?



а) Қоршаған ортаға қауіпті заттарды ата.




ә) Адамдардың ауыр металдардан зардап шегуінен қандай аурулар пайда болуда?



III – бөлім: Шығармашылықпен жұмыс (ой-бөлісу).



1. « Егер сіз табиғат қорғау министрі болсаңыз, онда...»



2. « Егер сіз аудан әкімі болсаңыз, онда...»



3. « Егер сіз ақын болсаңыз, онда...»



4. « Егер сіз суретші болсаңыз, онда... »



5. «Егер сіз жазушы болсаңыз, онда...»



6. «Ауыл экологиясы» туралы шығарма жазып келген оқушыларға сөз беру;


*1-сұрақ : Біздің ауылымызда қоршаған орта ,
ауа қандай көздер арқылы ластанады деп ойлайсың?*



Мұғалім: Қазақстанның және ауылдың экологиясын жақсарту үшін қандай шаралар жасауға болады? Осы жайында ұсыныс, пікірлерің болса, ортаға салуларыңа болады..



IV.Қорытынды: Құрметті оқушылар! Міне, бүгінгі сабақта өздеріңмен «Жер ғаламшарының экологиялық апаттары.» тақырыбында қазір заманымыздағы өзекті мәселелердің бірі - экология жайында біршама сөз қозғап, өз ойымызды ортаға салдық . Әрине , экологиялық мәселелерді бір күнде шеше алмаймыз, бірақ та әрбір мектеп оқушысы өзінің туған жерінде қоршаған ортасының тазалығына жауапкершілікпен қарай білсе, бұл мәселе біртіндеп шешілері сөзсіз.



**Сабақты мынандай
экологиялық тірек-сызбамен қорытындылағым келеді.**

**1-тірек-
сызба:**

**Экологиялық
мәселелердің
туындау себептері**

**Адамдардың
табиғатқа
аяушылықпен
қарамауы**

**Суармалы
егістіктердің
ұлғаюына
байланысты
өзендерге (Сырдария
, Іле) канал су
қоймаларының
салынуы**

**Егіс алқаптарында
тыңайтқыш, түрлі улы
химиялық заттардың
шамадан тыс
қолданылуы, олардың
еріген қар, жаңбыр
суымен, шайылып
келуі**

**Өндіріс
орындарындағы
пайдаланылған суды
тазартпай көлге қайта
жіберуі**



2-тірек – сызба.

Қоғамдық мекемелер, адам

Айналадағы ортаға
Мемлекеттік бақылау

Жерді, табиғи
ресурстарды тиімді пайдалану

Әскери
шығынды
азайту

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Аз шығынды,
шығынсыз
технология
енгізу

Өндірістерді,
әсіресе
лас өндірістерді
тиімді
орналастыру

Экологиялық білім
беру және тәрбие беру

Әскери шығынды
азайту

Жерді
тиімді
пайдалану

Өсімдіктер
мен жануарлар
дүниесін сақтау
және жаңарту

Келіспеушілікті,
соғысты болдырмау

Қорытынды сөз: - Құрметті оқушылар!

«Экология және біз» деген тақырыпта өткен конференция осымен аяқталды.

Конференцияның соңында мынандай қаулының жобасы бар:

- 1. Ауыл экологиясын қорғауға бүкіл мектеп оқушылары болып атсалысу;**
- 2. Ауылды көркейту мақсатында «Жасыл желектер» экологиялық ұйымын құрып, оған мүшелер қабылдап, жоспар бойынша жұмыс жүргізу.**
- 3. Ауылдағы тоқтап қалған ауыз су мәселесін шешуге ауыл әкімінен көмек сұрап, ашық хат жолдау.**

